

**Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының "Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 119/16 "Ақтоғай ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі**

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 145/22 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 10 қазанда № 7604-14 болып тіркелді

Ақтоғай аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 119/16 "Ақтоғай ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7514-14 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешімінің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Ақтоғай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Ақтоғай аудандық мәслихат аппараты" ММ-ің ұйымдастыру бөлімінің басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтоғай аудандық мәслихатының төрағасы*

*Ж. Ташенев*